


# Kacina

Photography by Michael J. Suttorp © 2000

**Эссе**

**Марал  
ЫСҚАҚБАЙ**



**КӨККАЛ АҚЫН  
— КӨКШУДАН  
ЖЫРЛАР**

# СЕРИК

Ақсұңқарұлын тұңғыш көруім өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында болу керек. Ол кезде мен Компартияның Орталық комитетінің Мәдениет бөлімінде істеймін. Әбіш Кекілбайұлы екеуіміз әдебиет секторындамыз: Әбіш – меңгеруші, мен – қатардағы нұсқаушымын. Бір жолы екеуіміз ақылдасып отырып, Ленин атындағы салтанатты сарайда (кәзіргі «Республика сарайында») поэзиялық бір әдемі кеш үйымдастырып, сонаң соң оны тиянақты түрде жыл сайын өтіп тұратын фестивальға айналдырайық деп келістік. Жобамызды нақтылай келе, оны жастардың «Жігер» фестивалі деп атасақ деп үйғарғанбыз. Бөлім басшылары ұсынысымызды құлшына құптады. Барлық поэзия кештеріне жастар ғана емес, Алматының бетке шыгар зиялдылары, үлкен қайраткер ағамыз – бөлім меңгерушісі М. Есенөлиевтің өзі келіп қатысып жүрді.

Сол тұстағы жастардың әдебиетке деген құштарлығы орасан еді. Сөз ұстаған адамның беделі – бүгінгі миллионер байшікештердің інен әлдекайда артық заман. Жазушылар одағында өтетін әртүрлі шаралар кезінде залды лық толтырып солар отырар еді. Өздері шеттерінен кітәпқұмар, қағаз «шимайлауға» әуес келетін. Әйтсе де, біз жұмысты олардан емес, алғашқы шарамыз жұртшылық көңілінен шығатындей биік деңгейде өтсін деген ниетпен жұртшылыққа жақсы мәлім, сол тұста атақтары «жер жарып» тұрған, әйтсе де «жастар санатынан ұзай қоймаған» Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Сабырхан Асанов. Мұхтар Шаханов қатарлы танымал ақындардан бастайық деп шештік. Кеш жақсы өтті өрі мәдени үлкен оқиға ретінде өте жақсы баға алды.

Ол кезде бұл Сарайда тек ресми үлкен жиындар немесе шетелден гастрольге келген атышулы өртістердің концерті ғана өтетін. Алғашқы жақсы кешімізben енді ол Сарайға жол ашып алғандай едік. Келесі жолы өжептеуір танылып үлгерген Жарасқан, Қеңшілік, Тынышбай, Шөмішбай қатарлы жиырмашақты жасты тарттық. Осылай төмендете келіп, жаңа талап жастарды жинауға кіріскеңбіз. Әр жыл сайын ең кемі жиырма-отыздай жігіт пен қыз жиналып жүрді. Кейін солардың кейбіреуі шынымен-ақ «сәйгүліктерін Әдебиет қазығына» байлаған ақынға, жазушыға, әдебиетшіге айналды: мәселен, Аманхан Әлімов, Шәмшия Жұбатова, Бақытжан Қанапиянов, Қатира Жөленова, марқұм Фабиден Құлахметов, т.т. Ал енді мерзімдік басылымдарда етеп көрініп қалып жүретіндер, жарияланған қоймаса да, қолжазбаларын «қолтықтап», редакцияларды жағалап жүретін «жас перілер» тіпті көп еді.

Келесі бір жолы марқұм Нұтфолла Шәкенов ағамыз екеуіміз Жазушылар одағының залына тағы бір жиырма-отыз «жас періні» жинап алып, өлең оқытып жатқанбыз. Әл-әзір өлең техниксын анық менгеріп үлгірмеген талапкерлердің «шикілі-пісілісі» тырнақалды өлендерін тыңдай-тыңдай, жалыға бастаған шағымызда, сахна төріне Серік Ақсұңқарұлы шығып, «Арғымақтар» деген өлеңін оқыған: «Сөуірбек аға! Fafu ет сұрағаныма. Арғымақтардың да адамша жылағаны ма?!» деп бастады да, ыргағы бөлектеу, мазмұны тосындау үзак өлеңді жігерлі үнімен шұбырта төкті дейсің. Қалғуға көшкендей

едік, үйқымыз ашылып кетті. Тынып, тыңдалап отырмыз. Көз алдымыздан көне тарих елестері де, жаңа заман белестері де сырғып өтіп жатқандай. Өлеңнің соңғы шумақтарында: «Айтыңызшы, ақын, тұлпарлар енді соғысқа қатыса ала ма?» деген сұрақ қойылып, оған: «Тек колбаса болып қатысар» деген жауап берілетіні бар-ды. Соған жеткенде манадан тынып отырған жастардың бірі құліп, бірі қол соғып, гүлдеп барып басылған. Бұл, әрине, ұзақ өлеңдегі еріксіз есте қалар ұтымды штрих еді. Қаншама жылдар өтсе де, мен де әлі ұмытқам жоқ. Серіктің ырғағы бөлек, нықта шымыр даусы да, Ақсұңқарұлы дейтін поэтикалық әдемі ныспысы да есімде біржола қалып қойды.

Дәл осы жерде тағы бір жәйтті айта кетпесем обал болатын сияқты. Фестивальға қатысар ақындарды іріктеуге арналған ұзақ отырысымыз аяқталуға таяған шақ еді. Ойда жоқта Фариза ақын келіп, қасыма отыра кетті де, сыбырлай сөйлеп: «Бір ақын бала ертіп келдім. Жақсы өлеңдері бар екен, тыңдалап көрші» деді. «Ой, қойшы, шаршап кеттік» дедім мен, ол да мына көптің бірі шығар деген оймен. «Тәуір өлең таппай отыргандарыңды көріп тұрмын ғой. Ана баланың өлеңдері өте жақсы, біреуін оқысын, тыңдалап көрсөңші» дейді Фариза қадалып. Сөйтсем, ол манадан бері арт жақта отырып біраз тыңдаған екен. «Жарайды, оқысын, көрейік» дедім амалсыз. Орта бойлы жұмыр ақсары жігіт сахнаға лып көтерілді де, сөл жөткірініп, бір қысқа өлеңін жатқа тақпақтай жөнелді. Тәуір екен, елеңдеп қалдық. «Тағы оқышы» дедім. Қатарынан екі өлең оқыды. Жаңылыспасам, біреуінің аты «Адай» болса керек. Сөзі шымыр, теңеулері ширак: көк шалғындағы көз жауын алар қызыл-жасыл дала гүліндей мінсіз сұлу шумақтар. Шын жүйріктің шабысы дейсің бе, тайпалған төкпе жорға дейсің бе, лыпып тұр... Манағы бұлшық еті бұлтылдап, тізгін үзіп тұрған Серіктің «Аргымагынан» басқалау. Бірақ жақсы! Бары осы ма, әлде ар жағында тағы бірдемесі бар ма екен деген қызығушылық оянған болса керек: «Қане, тағы оқышы» деппін. Шиыршық атқан тағы бір өлең кетті. Үш сағат бойы жасық өлең тыңдаудан жалығып, шаршап отырганымызды тарс ұмытып, сол арада әлгі жігітке бес-алты өлең оқыттық-ау деймін. Он бесшақты минут бір демдей өте шыққан! «Жә, жетер!» деп риза көңілмен қол соқтым. Залда отырған жастар қуаттай, дуылдата шапалақ ұрды. Әлгінде ғана сахнаға жасқана көтерілген жас жігіт сол сөтте сахнадан арқалы Ақынға айналып түсіп келе жатқандай еді! Әл-әзір тәуір өлең жазып үлгірмегенмен, сөз дәмін, жыр сиқырын түсініп қалған талапты жастар емес пе, шын таланттың қандай болатынын жаңа анғарғандай бәрі орындарынан атып тұрып, оны жапырлай қоршап алып, дуылдасып жатысты. Араларында бүгінгі белгілі ақынның бірі Аманханның да тұрғаны әлі көз алдымда. Жігіттің есімі – Есенғали екен. Бұгінгі Есенғали Раушановтың өзі!

Болашағын сол күні-ақ анықтап алғандай көрінген Есенғали Алматыға қоныс тепті де, тез танылды. Қолдаушылары да мықты еді, әрине. Ал Серікті ұзақ жылдар жоғалтып алдық. «Ақсораңсынды кенжесі едім Алтайдың. Алматы деген бір Ару қызға қол жетпей, Қарағандыда... Қара шал болып қартайдым» деп өзі айтпақшы, бүкіл өмірін туған өлкесі Арқада өткізді. Бірақ Өлең Өлкесінен табан аудармағанын білетінмін.

Мерзімдік басылымдарда оқта-текте жарық көретін өлеңдерін оқып қалып жүргем. Талантының қуатын маған анық танытып қойған ғой, ұмыта алмай, сұрастыра жүрер едім. Бір күні, шамасы, екі мыңыншы жылдардың басында ғой деймін, қолыма «Төбемнен жауһар жауып тұр» деген шымқай қара мұқабалы өдемі жинағы тұсті. Кездейсоқ түскен жоқ, жөнімен, ресми жолмен тұсті. Мен ол кезде Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комиссияның мүшесі едім, ал әлгі кітәп сол жылы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған еken. Сағынып жүрген бауырымды жолықтырғандай-ақ, шүқшия төнбейін бе! Бас көтермей, сүйсіне оқыдым. Баяғы «Арғымақтарды» да осы жинақтан жолықтырғам. Бірақ Серіктің сыйлыққа қолы жетпеді. Сыйлықты кітәптің салмағына қарай емес, авторының мансабына яки сүйрелеушілерінің беделіне қарай беретін ауру меңдеген заман ғой. Ал сол жолғы сыйлықтың кімге тигені есімде жоқ. Білетінім, Серіктің дүниесінен артық емесі анық еді, әйтпесе есімде қалуға тиіс қой! Мейлі ғой, қолдаушылары мықтылау болған шығар, не көpteу болған шығар.

Ұмытпасам, осыдан екі-үш жыл бұрын бір гәзеттен Серіктің «Ұзан» деген жаңа жинағы шығыпты дегенді көрдім де, Жазушылар одағының басшыларының бірі Фалым ініме сол кітәпті алдыртып бер деп қолқа салдым. Әбден ықыласым құлап қалған ғой. Талантты ақынның жаңа биігін көргім келген. Жақсы жыр жазғанына сенгем.

Арада біраз уақыт өткенде, әлгі кітәптің де мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанын білдік. Бірақ тағы да өтпеді. Өтпеді емес, өткізбеді. Себебін дауыс бермегендер ғана біледі. Бір өкініштің, жақсы дүниенің жолы осылай кесіліп қалып жататын реттер көп-ақ.

Осындайда еріксіз мынадай ойға келем: дүние үнемі бүгінгідей шатқаяқтап тұра бермес-ау; елдің ес жияр кезі жетер; өткен-кеткенін түгендер, қолдағы барын салмақтап, бір таразылар; сонда Серіктің адудын да текті жырларын оқыған болашақ ұрпақ онымен бөсекеге түсіп, бәйгені қағып әкеткен әріптестерінің шығармасымен салыстыра қарап, аталмыш комиссияның ішінде жүрген біздерге нәlet айтпас па еken деп...

Уақыттан әділ төреші жоқ. Мәселен, кешегі өткен кеңестік дәуірде ұлы Ахандардың (Ахмет Байтұрсыновтың) есімі түгіл «А.Б.» деп инициалы көрсетілгені үшін басылып қойған кітәптердің парактары жыртылып, редакторы жазаланғанын көргенбіз. Сол Ахандар қайтадан ұлт көсемі ретінде танылар деп кім ойлаған?!. Міне, уақыты келіп еді, тарих өз орнына қойды. Ондай жәйт көп қой өмірде. Қайсыбірін айтарсың?! Соны ойлаймын да: түптің-түбінде желбуаз «таланттар» уақыт елегінен түсіп қап, шын дарындар ешқандай бәйгесіз-ақ Поэзия төріне шынтағының астына жастықты қабаттай тастап, хакім Абайша жамбастай жайғасар деп көңіл демеймін. Және оған сенімім көміл. «Алматыдан үй таппаған Қасым да отыр бүгін Мәңгіліктің төрінде» деп Серік дұрыс айтады. «Сталиндер келеді де – кетеді, жалғанында Жамбыл ғана – Мәңгілік» дегені де осы орайда айтылған сөз...

Өз басым Серіктің өлеңдерін жақсы көрем. Кейде бір көңілім құлазып, үйге сыймай отырғанда, өлең оқитын әдетім бар. Қебіне Абайды

оқимын, не Фариза мен Серікті қолға алам. Жақсы өлең оқу да жақсы өн тыңдауың секілді, қанша оқысаң да, жалықтырмайды. Оқтын-оқтын мен қайталап оқып қоятын осы үшеуінің қазақ мінезін, кісі құлқын танытатын адами толғаныстарында бір терең үндестік бар секілді. Егер ақын болсам осыларша жазар ма едім деп ойлаймын. Іштегі шерінді шығаруға өлеңнен артық не бар, шіркін!? Түрікмендердің өлеңді «шер» деп атайдыны тегін дейсің бе?! Қанша айтқанмен заманымыз бір, әрі ер азamat емеспіз бе, Серік інім менің көңілімнің қыл пернесін тіпті дөп басатын сықылды, бүкіл іштегі дертімді сол шертіп тұрғандай сезінем. Ойлап қарасам, менікі де Серіктікі секілді сонау көне заманнан қордаланып жеткен шер ме деймін: тарихты да ойлаймын, кешегім мен бүгінімді де ойлаймын. Ертеңге де көз жүгіртем. Сондағы қаузайтынымның бәрі Серікте тұр. Жүрегімді сыздатып отырып оқимын, сүйсінем, ойға батам...

Серіктің де маған деген ілтипаты өзгеше. «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» демекші, сонау тарих қойнауына сіңіп жоғалған сексенінші жылдары «Арғымағының» сауырына қамшымен бір тартып, «айт, шу!» деп ұзын жолға салып жіберген «еңбегіміз» есінде қалғасын шығар, біздің жазған-сызғанымызға да назар сала жүретін сияқты. Ұшыраса қалғанда, менің әңгіме, хикаяттарым жөнінде жақсы пікірін білдіріп қоятын. Анық есімде қалғаны – «Ұят туралы аңыз» жөнінде айтқаны.

Биылғы көктем күндерінің бірінде ол телефон шалып: «Аға, бір өлең жазып едім, электронды поштаңызды беріңізші, салып жіберейін. Оқып көрерсіз» деді. Аты жоқ өлең екен. Бас жағына «Марал Ысқақбайға» деп арнау жазып қойған: «Көкем бүгін айтарты да көп енді, сексенге кеп сенгір көкке бөленді» деп менің бүгінгі жасым жеткен межені атап өтіпті. «Бұ дүниені қазақ қалай дөп айтқан, бір бес күндік жалған деп» деген жолдармен аққан судай тоқтаусыз сырғыған баянсыз жылдар білдірмей зымырап, мені де шау тартқызып тастағанын мензейді. Ағасын көрілікке қимағаны шығар. Маған қатыстысы осы ғана. Ары қарай ол өзін-өзі «мұжіп», «іштегі қатып қалған қалың шерін» қозғап кетеді. Өлеңді маған арнағаны – сол шерді тыңдай алатын, түсіне алатын құлақ пен жүрек сенде бар еді ғой дегені болар деп ойладым. Таусыла сөйлейді. Айтатыны – қазақтың тағдыры, бүгінгі тіршілігі, буалдыр келешегі. Іздейтіні – үйтқысы бұзылмаған, қаймағы шайқалмаған баяғы қазақы діл, баяғы қазақы құлық. Баяғы асқақ рух. Сондықтан да: «Кімге айтып жүрміз, бірақ, бұл сөзді, кімді көздел жазып жүрміз өлеңді?» дей келіп: «Қазақ өзін көреді ылғи түсінде. Қөрінгеннің тұртқі болмай көзіне, қалып қойды Эпосының ішінде» деп толғайды. Ол үшін кешегі қазақ пен бүгінгі қазақ бір емес! «Қазақ халқы қалды Эпостың ішінде: Қазақстан – соның бұлдыр елесі» дейтіні содан. Онымен де қоймай: «Қара Өлең мен қазақты қоса жұтардай, ғаламзаттың түсі сүйкі бірақ та! Жер бетінен сенің ұлтың жоғалса, менің ұлтым жоғалса, қандай ұлыс қалар екен сонда онда?» деп күнірене түйеді ойын. Сұрақты маған тастап отыр ма, өзіне қойып отыр ма?!

Әйтсе де, ойлы да білімді ақын өлең идеясын ашудың кілтін дұрыс тапқан сияқты. Әдейі ойластырса да, қисыны өздігінен осылай келсе де, дөп басыпты. Көңіліндегі тікенше қадалған жегі ойды арнау өлең

түрінде ортаға тастап, оның ұлттық, әлеуметтік мәні мен салмағын дәл белгілепті. Түрен тісін тереңге батырыпты. Қозғағаны – қара бастың мұңы емес, бүгінгі жаһандану дәуірінің жалпыға ортақ өткір проблемасығой. Мұңын маған шағып отыр ма? Жоқ, әлде бүгін осыны ойлайтын азамат қалды ма, қалмады ма дегені ме?..

Тағы бір өлеңінде ол: «Бір өзінен басқа жұрт білмейді оны, Латын тілі секілді бұл – Қазақ тілі» дейтіні бар. Беу, дүние-ай, бұның бәрі мені де күнде мұжитін кермек ой – «жегі құрт» емес пе?! Прозама сала алмай, Серік інімше жырға қосып күңірене алмай, мақалаларым мен сұхбаттарымда сыздықтата түртпектеп жүрген күпті ойларымғой! Біз бір-бірімізді тегіннен жақсы көрмейді екенбіз. Уайымымыз бір екен, қаупіміз бір екен.

Бұл тақырыпты Серік бұрын да сан мәрте қозғаған. «Мен хәуіп қылған соң айтамын» дейтін бір өлең жолы бар еді (кімдікі еді өзі?), сол айтпақшы, хәуіп қылатын жөніміз бар-ақ. «Ана тілім, Алашымның көзі едің, өртенеді өзегім. Үндемейді бесік жырын айт десем, өгей шеше – өз елім» дейді ақын бір өлеңінде. Қатқылдау айтып тұр, бірақ шындығы сол. Екі қазақ кемпірінің көшеде орысша сөйлесіп бара жатқанын көргенде, осы өлең есіңе еріксіз түседі. Әжесі мен құйттай немересі орысша былдырласып бара жатқанын естігенде, тағы осы өлең түседі есіңе. Тәрбиенің көзі бітеліп қалғанығой! Бұның түбі қайда апарып соғарын ойлауға мәжбұрсің. Сол кезде «Латын тілі» деген басқа өлеңі тағы оралады ойыңа: «О, Латын тілі! Жарқылдағансың жаһанның жауындарында. Цицерон болып саңқылдағансың тарихтың дауылдарында... Вергилий сенде жырлап Ерлікті, Ездікті Цезарь тұл қылған».

Ал осы ұлы тіл бүгінде жоқ, өлген. Жекелеген сөздері термин ретінде тек медицинада қолданылады: «Темір шарбақты алаң бар сонда, барам ба, қайтем – шақырса? Ақ халат киген адамдар сонда сөйледі екен латынша». Тілдесетін, сырласатын басқа тірі көкірек таба алмай, құса болған, зарыққан адамша тағдырына налыған қайран Ұлы Тіл! Соны елестетіп, у жалағандай тітіркенетін ақын: «Уақыттың Дауылын сезінем мен де, мәңгілік деген бекерғой. Ділдер түгілі, кезі келгенде, тілдер де өледі екенғой!» дейді. Өзегінді өртейтін өкініш дейміз бе бұны? Ана тілінің болашағына алаңдаған ойлы азаматтың жан түршігісі дейміз бе? «Түгім жоқ бұлдар – бәрін беремін, тимеші ана тіліме» дегізген сол емес пе? Жалынышқа барабар ақын тілегін оқығанда, перзенті үшін отқа түсуге даяр шарасыз кейуананы елестеткендейсің. «Есігінді ашпа есіре күштерге, жалмауыз күштерге жат үні. Зәрем үшады есіме түскенде, Латынның соңғы ақыны!» деп бітіреді ол өлеңін. Жүрегінді сыздатып, жаныңды тілімдейтін сөздер. «Есігінді ашпа есіре күштерге» деген сөздерді еститін құлак, мәнісін ұғатын тірі көкірек болса, жетесіне жеткізе-ақ айтты. Ақын міндеті де, миссиясы да осы емес пе? Серік соны жасады. Қалғаны – сенде, менде...

Әсілі, ақын ағайындардың табиғаты, егер ол шынайы үлкен дарын болса, максимализмге бейімдеу келеді. Қоғам өміріндегі өртүрлі тіршілікке оның көңілі еш толмақ емес. Егер тояттап жүрген сарай ақыны болмаса, қоғам өмірінен ол тегі мін таппай тұрмайды. Сондықтан



булу керек, Серікте таусыла сөйлеу басым. Ол үшін туған халқының – қазағының – тағдырынан артық ештеме жоқ, ертеңі түгіл бүгініне қатты аландайды, содан да бүкіл айналасынан – ұлкенді-кішілі өз замандастарынан – елге тұтқа Тұлға іздейді, таппайды: «Аспаннан жұлдыз қарап тұр, Ай қарап тұр. Жерде өңшең пенделер: бай, манап, құл» дейді соナン соң. Өйткені рухани тұрғыдан әлгі әлеуметтік тоғышар топтың бір-бірінен еш айырмасы жоқ. Қайсысынан не дәметесің?!

Егемен деген аты бар халқымыздың кіріптар құлқын, тоғышар тіршілігін көріп тұрып, баяғы бұла қазақтың, одан да әріректегі төрткіл дүниені тітірентіп өткен Түрік Бабалардың ерлікке толы өмірін, асқақ рухын аңсап шамырқанады ол. Шамырқанғанда табатыны – сол баяғы Көк Бөрінің бұла ұрпағы – Көк Түріктері! «Дүние неге бөлек ойға қалды, ол онда көк ғасырын тойлаған-ды. Фаламзат – Көк Тәңірі, Көк Түркі бар, Көк Бөріғана бар деп ойлаған-ды... Түркіге тұбі тексіз жүйе қас-ты, бетіме қай сүм келіп күйе басты?! Қалайша Көк Тәңірі Көк Түркіден көз жазып, Көк Бөріден кие қашты?!» Жауабы жоқ көп сауал. Сүйімбайдың: «Бөрілі менің байрағым! Бөрілі байрақ көтерсе – қозып кетер қайдағым!» дейтін шумағын шығармасына эпиграф етіп алатын себеп, міне, қайда жатыр! Көптеген жырларының басты «кейіпкері» Көк Бөрі болатын себеп те сонда. Тіпті «Қасқырдың монологы» деп шынышық атқан жыр жазады: «Бізбен иттің тегі бір дейді, рас па, қасқыр бабалар?! ...Иттермен бірге туысқан болсақ, не болды – ата тегіміз?!» Бұл енді – сырттан Бөрінің «астамшылығын» яки «тәкәппар өзімшілдігін» бейнелейтін сауал емес, «жердегі өңшең пенделерге» жасалар поэтикалық паралельдің тұрі. Серіктің іздейтіні де, көздейтіні де – рухы басқа жандар: «Тәкәппар – сенше, паңбасып едім – аярга адымаштырмай. Армысың, асқақ қандасым менің! Бармысың, елім – қасқырдай! Сайран күндерім, ойран тұндерім, Қап тауым, қайран – баспана. Қайратым менің – Вайнахым менің! Бодан болмайсың басқаға!» Бұл – сонау тоқсаныншы жылдары өзіміздің Рафаэльдің жырларына өзек болған, өз көзімізben көріп, өз тәнімізben түйсінгендей қиналып, жанымызды жарагалаған, бізben тағдыры ортақ, шағын ғана өзгеше өр халықтың басынан өткөрген аласапыраны гой, соны меңзеп, есімізге Қап тауының жанкешті көкжал ұлы Шәмілді салып тұр. Рухы басылмайтын бөрі текtes халықтың батыр ұлы ол! Баяғы Имам Шәмілдің ізбасар ұрпағы! Ал осы Имам Шәмілдің өзі де: «Сергелденде өтіп кетті сайран жас, оны маған енді ешкім қайыра алмас. Өзіңе кеп иіліп тұр, көр, міне, өзге ешкімге иілмеген қайран бас» дейтіні бар-ды қажылықпен Алланың алдына келіп тұрып. Мұсылмандығын да, қайсарлығын да қатар танытып тұрған Көкжалдың сөзі! Серіктің ұғымынша, Қазақ та осылар секілді Көк Бөрінің тұқымы емес пе еді?.. Қазақта да небір қайсар көкжалдар өтпеп пе еді! «Қазақ әдебиеті» дейтін Ұлттық Банкте қазынасы қалған» Қазтуған, Ақтанберді, Доспанбеттер бар еді гой! Бертінгі жалынды ақын Махамбет кімнен кем!? «Басымды берем Баймағамбетке! Жүректі бере қоймаспын!» дейтін ол. Айтқаны – айтқан! Басын бергені рас...

Батырлар басын бергенмен, басын беруге болмайтын тұлғалар болады! Кенесарының басы көп батырдың бірінің басы емес, ханның басы

еді – мемлекеттің символы еді. Тәуелсіздіктің символы еді! Оның «тұкті жүрегін» халық өз жүрегіне жерлейтіні содан. Лирикалық кейіпкердің: «Кеудемде тұкті жүрегім лұпілдеп, басымды ізден жүрмін мен» дейтіні содан. «Алаштың тау мен тасына талыстай таңба басылып, ит пен құс шықты басыңа, басыңың жоғын басынып» дейтінінің мәнісі де сонда жатыр. Бодандықпен өткен 160 жылдың қара таңбасы – бұл...

Әйтсе де, Серіктің іздейтіні – тек саяси тәуелсіздік қана емес, қазақтың баяғы бұла болмысына тән өр Намысы! Бүгінде «ертегіге» айналғандай көрінгенмен, Қазтуған мен Ақтанберді жырларынан ұрандап тұрған Өр Рух! Рухани азат үн! Серіктің жырларындағы өрліктің төркіні, міне, сол жақта. Нәрі сол жақтан келген. «Түркі жұрты бұл дүниеге не батыр боп келеді, келеді не ақын боп» деп тегін айтпайды ол. «Абылнама» дейтін жаңа дастанында: «Батыр бола алмаса – ақын емес, ақын бола алмаса – батыр емес» деп нақтылайды ол өлгі ойын тағы да. Демек, бұла жырдың көзі – ақынның өзінің өр табиғатында жатқаны. Шынында да, нағыз ақын батыр болу керек деп білем. Шындықты қай заманда да шырқыратып азулы ақын ғана айтқан! Не хас батыр ғана айтқан! «Ертеңгі күн елес әлі, бұлдырап тұр шашып от. Қазақ деген – Қенесары, денесі бар, басы жоқ» деп айту үшін Жүрек қана емес, Мұрат керек. Халықтық үлкен мұрат!..

Серіктің кез-келген лирикалық өлеңінен үнемі осы өр үн естіледі. Барша азаматтық лирикасынан кіл асқақ Рухтар үн қатып тұр. Ол – Көк Бөрілердің, Құлтегіннің заманынан жеткен үн! Одан да бұрынғы Еділ патша мен кейінгі Шыңғыс заманынан жеткен үн! Бертінгі Қарғабойлы мен Қазтуғанның үні! «Көк Тәңірі Көктен Жерге сауып Нұр, Еділ Патша елге келді шауып бір! Қайда жөнеп барасындар ауып бұл?! ... Қазақты қайырып Түркіге, Төбемнен жауһар жауып тұр» – дейді ақын «Адасқан ұлдың ата жұртына қайтып оралуы» деп аталатын өлеңінде. Осы өлеңімен ақын өз жырларының қазақ поэзиясындағы орнын белгілегендей. Қазтуған мен Доспанбеттің қасына барып жайғасуды қалайтын төрізді. «Бекболаттың қобызы», «Едіге жыры», «Ей, Байбөрі! Байбөрі!» төрізді эмоциялық қуаты тасып төгіліп жатқан жігерлі туындылары да соны тағы мойындана түсетіндей. Көк Түріктің ұрпағы екеніміз еріксіз еске түсіп, қалғуға айналған намысымыз оқыс оянып, шетімізден Көкжал бөріге айналып жүре беретіндей сезімге бөленетін сияқтымыз. Ақынның өр үні бізді соған шақырады, соған сендіреді. Өзгені қайдам, мені сендірді. «Түркіге қайтарды»...

Мен Серік шығармаларының бір-ақ қырын – азаматтық лирикасындағы лейтмотивтік сыпаты басым ұстын қырын ғана атап өттім. Оның ойшыл ақын ретінде толғайтын сыршыл да мол көңіл күй лирикасы өзінше бөлек сөз етуге лайық. Ол тұстан да айтары жоқ нашар өлең таппайсың! Мұң мен сағыныштан құралған «Қайран шешем» және «Қарқаралы – қара орманым» деп аталатын, сюжетсіз поэмаға бергісіз тізбекті жырлары қандай! Нәзіктік керек пе, өрлік керек пе, тереңдік керек пе – бәрі бар, бәрі сонда. «Тұн жыры» өлеңі ертегілік сюжеттен заман проблемасына жалғасатын тамаша баллада деуге лайық. Ал енді «Қызыларай ауылы. 40 әйел, 4 еркек» деп аталатын шағын өлең хас

шебердің қолынан шыққан новеллаға бергісіз туынды дер едім. Төрт жылға созылған неміс-орыс соғысы кезіндегі қазақта төнген сойқан тірлікті осынша өткір штрихтармен беру... қазақ прозасында да, поэзиясында да сирек кездесер шеберлік.

Серік – арқалы ақынғана емес, үлкен интеллектуал. Өлеңдерінен білімділік есіп тұрады. Тіпті көптеген өлеңдерінің мәнісін білім деңгейі төмен оқырман үқпауы мүмкін. Жиырма бірінші ғасыр ақынының қаламынан туған жыр тұғыры осылай биік болғаны жөн-ақ! Әлбетте, поэзия тоғышар тобырдың ермегі емес, бекзат талғамның еншісі.

Мен бұл жазбамда сыншылар үлгісімен Серіктің өлеңдерін тізіп талдауды мақсат тұтқам жоқ. Әсілі, өлең туралы толғана жазып, берекелі сөз айту – қынның қыны. Ең дұрысы – өлеңнің өзін оқу. Бар дәuletі – эстетикасы да, танымы да, ләzzеті де оның өзінде.

Серік – қуатты, үлкен дарынғана емес, қыры мол күрделі ақын. Оны тек оқу керек! Берері көп. Аларың да аз болмас..